

TURKISTAN

Бостандық жырының бозжорғасы еді...
Несаған арқасына ер батқасын болған қайқаң жорға емес, ана тілінің
узызына жарыған, ақындығы туа бітті тайпал жорға болатын!



Ақиың Мұқағали ақын Несілбектің алғашқы аяқалысының шалымды
екенін таныды. Тілінің шүрайлылығына сүйсінді. Алғаусыз ағалық
тілегін арнады. Болашақ ақынға бата берді. Ұлы ақынның тілек батасы
тұнғыш жыр жинағы «Қозыкөшке» тізгінқағар лепес болды.

Қиядан тайып атан құлаған,

Қиямет өтті ботаң жылаған.

Тұсіме кірсөң, ғайыптан келіп,

Беріп кет, баба, батаңды маған! – деп бабасы Дулат Бабатайұлына жүгінді.

Өсиетінді мәңгі тозбас мұрадай,

Қаршадайдан жаттап өстім дұғадай.

Өлең де бір оқтан қашқан құралай,

Саған жылар, Тәңіріге жыламай.

Шапаныңның шалғайымен қорғай жүр,

Айналайын, аруағыннан ұлы Абай! – деп ақ қағаздың бетіне қаршығадай қақшиып шүйілерде ата-баба аруағына сыйынды. Ұстаз-ага, академик Рымғали Нұргалидың қасына ерген телғара Тұрсын Жұртбай досы екеуі ерте есейді. Ахмет пен Мағжанды Рымғали аға екі шәкіртке кешкісін үйдің барлық пердесін жауып тастап, есігін іштен іліп, Бейсенбай Кенжебаев берген «жабық» кітаптардан сузындаатты. Академиктің «ақ бұзаяу» атанған ақ жигулиімен Жәнібек Кәрменов, Құныпия Алпысбаев, Тұрсын Жұртбай, Несаған қазақ даласын шиырлады. Ұстаздың әнгімесін Жәкең мен Құнекеңнің алқоңыр әндері тұздықтап, көңіл марқайды, жүрек жайланды. Несілбек ақын тынысы ашылды, көңілінің көкжиегі кенейді. «Бассүйектер»

поэмасымен әдеби ортаны жалт қаратты. «Үндістер, үзілмендер» поэмасы сол уақытта Америкадағы көшпелі өркениет иесі үндістердің қияметін арқау еткен жер тағдыры – ел тағдырына арналған шығарма еді. Кеңестің қылышынан қан тамып тұрган уақытта бұл тақырыпта сөз қозғауы да жиырмадан енді асқан бозбала ақынның әпикалық тынысын әрі еркін ойлышының байқатпай ма?! Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында Несағам өзі былай толғанады: – «26 жасымда жазылған, сол тұстағы республикалық «Жалын» журналының бәйгесін алған «Бассүйектер», «Үндістер, үзілмендер» деген поэмаларымда азаттықты аңсау идеясы айқын көрінді. Кеңес заманында бассүйектерді сөйлету арқылы және үндістердің ауыр халін жазған бол отырып өз халқымның бостандығын аңсадым. Үндістер туралы поэмамда мынадай жолдар бар:

«Қару тілін менгергенше,
Қапылышта өтті өмір.
Тәнір бізге жер бергенше,
Берсөң етті көктемір.
Айыққанда мұнардан күн,
Көктеп қайта шығармыз.
Өртке кеткен ну орманның,
Түбіріміз мына біз».

Шынында біз өртке кеткен ну орманның түбірі едік.

Кейін толысқан шағында қазақтың қаһарман ұлы, солтүстік бес облыстың тағдырына басын тіккен Жұмабек Тәшеневке арналған «Жер – жаннан қымбат» поэмасын жазуға қоламтадағы қоздай болған арманы арқау болды, бозбала шақта жазған «Үндістер, үзілмендер» секілді батыл ойының айғағы еді. Кейін Тәшеневке арнаған поэмасын былай түйіндейді:

Басынан көне тарих төмен құлдап,
Тағдырын туған елдің келем жырлап.
Өзегім талып жеткен, Тәуелсіздік,
Өмірде не бар еken сенен қымбат!?
Азапты бірге тартып қалың елмен,
Ах ұрып атамекен тебіренген.
Көк туды көкке бойлап желбіреген,
Қазақтың арманы жоқ көріп өлген!
Шарқ ұрып, сермесе де көкке құлаш,
Ажалдан құтылмайды ноқталы бас.
Бөркімен бұлт сапырган талайлардың,
Өмірден өкінішпен еткені рас.
Құласа қызметінен күні батып,
Аты өшер талайлардың тірі жатып.
Мәнсаптың құлы болу – зор қасірет,
Ұлтыңның ұлы болу – ұлы бақыт!

Несінбек ақын да Ұлтыңның ұлы болды, ұлы бақытты көрді!
Көкірегі көк сандық шалдардың әнгімесіне қанық еді. Шәкір Әбеновтің іні досына айналды. Шәкір атаниң Итжеккеннен оралып, Құндызды мен

Мамырсудың арасында поштабай бола жүріп, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» поэмасын қайта қарап, толықтырып жазып жүргендегі әңгімесін айтқанда Несағаңның көзі шырадай жанатын. Бір басында біраз өнер тоғысқан тағдырлар ағасы Қажытай Ілиясовпен де әңгімесі қызырылы еді. 2001 жылы Аягөзде Байғара би мен Ақтайлақ бидің кесенесінің ашылуына Несағана шопыр болып бардым. Қазақтың игі-жақсылары түгел жиналған. Қасым Қайсенов, Әзілхан Нұршайықов, Тұрсынбек Кәкішев, Тұрсынхан Әбдірахманова, Қабдеш Жұмаділов, Мұхтар Мағауин, Ілия Жақанов, Қажытай Ілиясов, тағысын тағылар. Аягөздің әкімі Айбек Кәрімов өзі де әдебиетке қанық, тарихқа жетік азамат. Асқа ақшанқан үйлер тігілген, астартек дастарқан. Әңгіме ағыл-тегіл. Қажытай аға жылқы танимын, бәйге аттардың қайсысы алдымен келерін шаппай тұрып айтып берем деген сыңайда желпінді. Таңертең бәйгетебеге жиналдық. Қабдеш ағалар Қажытай інісінен кеше түндегі төркіндес әңгімесін жаңғыртып:

– Ал, айт, қай ат келеді? – деп қолқалады. Қажекен, мен аттарды аралап қарап, мүшелерін көріп, көзіне үңіліп барып айтам деді. Шатырда отырған игі-жақсылардың алдынан алпыс-жетпіс метрден ат өтетін шеңбер. Топ бәйгеге сөреден ат жіберілді. Көрерменнің алдынан өткенше бес жұз метрдей ғана болады. Топтың ортасында кетіп бара жатқан алтыншы нөмірлі торы атты Несіпбек аға нұсқады. Ағаларына сол ат келерін шегелеп айтты. Алда әлі бес айналым бар еді. Айтқаны айдай келді. Ағалары құттықтап жатты. Енді аламанға шықкан отызға жуық атты бақылаған қонақтар Несағама қарады. Ортанғы топтан жиырма бірінші нөмірлі алаяқ кер атты көрсетін, сол бәйгенің алды боларын болжады. Бірақ аттар екінші айналып жұрт алдынан өткенде орта тұста бөкен шабыспен бара жатқан тоғызынышы нөмірлі қүрен аттың бірінші келерін айтып, алдыңғы сөзін қайтып алды. Жеті айналымнан кейін тоғызынышы нөмірлі қүрен ат бірінші, бірінші айтқан жиырма бірінші нөмірлі алаяқ кер ат екінші келгенде, жиналған жұрт Несіпбек ақынның ат танитын қүренбайкөз сыншылығына таңдай қағысып, ағалары бауырына базып, құттықтағанын көрдім. Аламаннан бірінші келген аттың есімі – Диана екен. «Асында сөз ұстаган би ағаның, шабысы құтты болсын Диананың», – деп мен де арнауымды айтып едім. Сол сапардан ары Үржарға барып, Көкөзекте әкем Кәп Құмарұлы екеуі таңды таңға ұрып үш күн, үш тұн жылқы туралы әңгімелесіп, әкеме «Арпакер» деген дастан жаздырып кетіп еді-ау. Әкем де арғы бетте жорға, жүйрік баптаған, бәйгенің қызығын көрген, биенің ішіндегі құлышы сатып алған жылқыжанды, атбегі адам еді. Несағам болса, Шұбартауда әкесі Тұрысбектің Еркеторысын өзі баптап, өзі шауып талай бәйгеден келген, Мұхтар ағаның әкесі Мағауия ақсақалдың Нарқызылымен де талай сайыста бәйгеге тізгін ұстатқан тастақым шабандоз бала екен фой!

Кезінде қазақ баласының танымын кеңейтіп, таразысын теңеген «Балдырған» журналында ұзақ жыл қызмет істеген Несіпбек Айтұлы балаларға да молынан базарлық ұсынды. Баланың тілін біліп, қазақы танымда, ұлттық нақышта өлең өріп, жас өркендерге ана тілдің қаймағын ұсынды. Мұзатар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев бастаған аға ақындардың соқпағында

талай соқталы дүниелер қалдырыды.

Былтыр Несағам жалғаннан озғанда «Дариға-ай, қара өлеңнен дәурен көшті» деп «Қазақ әдебиеті» газетіне көңіл айту берін едім. Ақселеу Сейдімбек ағаның бүгінде халық әні секілденін, қазақтың жүргіне сіңіп кеткен «Сарыарқа», «Дәурен-ай» сияқты әндерінің мәтінін асқан шеберлікпен өрген де Несағам. «Дәурен-ай» әні бір шумақтан ғана тұратын, қалғаны қайырма ән. Сол бір шумаққа қаншама мән, мазмұн сыйдырған неткен үстальқ деп ойлаймын. Жәнібек досы жазған «Ағалар-ай» әнінің мәтіні көтерін тұрған жүкті қараңыз!

Ағалар-ай,

Барында аз ғұмырды бағаламай,
Өздерің қонақтаған бәйтеректің,

Тамырын балталамай, араламай... – деп күйінішін де, сүйінішін де араластырып берін отырады. Мұқағали жырларының бағын ашып, бәсін көтерген әнші, композитор досы Тұрсынғазы Рахимовпен бірқанша ән жазған. Соның ішінде «Ақ бөкеннің» айтары басқа. Мен үшін Сәкеннің «Ақсақ кнік» өлеңі мен Несағамның «Ақ бөкеннің» прототиві – Қазақ секілді.

Адасып жүрген ақ бөкен,
Қай жаққа маңып барасың,
Қай жерден пана табасың?!

Өзегі өксік дүние-ай,
Әртепін іштей жанаңың?!

Оқиғасын өзі жылап отырып айтып берген еді. Алпысыншы жылдары Қытайдан Қабдеш, Қажытай ағалар бастап оралған көштің басын Қырғыз еліне дейін созды. Балқаштың Бектау ата, үлкен Толағай, кіші Толағай атты ауылдарына албан жұртының қаншасын әкелді. Айтыскер ақын Оразалы Досбосыновтың әке-шешесі сол Балқаш жаққа келген еді. Жайыртауы жүрттада қалған Жәркен ақын Көкшетаудың Зерендісінде қой бағып жүрген жерінен Алматыға алдыртқан Еркеш Ибрағимов болатын. Бұның барлығы да Кеңестің қитүркі саясаты еді. Он екі жасында шекара асқан бала Несінбектің ауылы Шұбартай, Бақанасқа қоныстанды. Жайлауда қараша үймен қой бағып отырған бірүйлі жанды жергілікті жынды суға тойып алған ЗИЛ-130 жүк машинасының шопыры таптап өтіп, жантәсілім еткен екен. Осы оқиға бала Несінбектің жүргегін жарапал, көз алдынан кетпей қойған. «Кейін Тұрсынғазы досым «Ақ бөкеннің» ән нұсқасын ұсынғанда сол бір қанды оқиға есіме түсіп, анау Қытайдан ұрпағы үшін қаша көшіп келіп отырғанда ажал тапқан отбасы есіме түсті. Соны: «Шексіз ғой мына қара жер, Өзінді өзің пана көр. Ажалдан қашқан тіршілік, Сағымдай зулап аға бер» деп жазып едім», – деп ақтарылып еді-ау, ағам!

Күйші, композитор Секен Тұрсысбек іні досымен жазған әндерінің сүрлеуі бөлек, сорабы соқталы. «Есіл де есіл, есіл күн», «Бауырым, сонау күн қайда» атты екі шығарма байырғы жыраулардың жүлгесімен сарыны сабактасып, мазмұны байып тұр. Алашына насиҳат жеткізген терме, толғау іспеттес.

Тұрсынжан Шапай жазған әндерге тек Несағаң ғана сез жазды. Ішкі үндестік пе, жүрек қылын қозғайтын, жүйке-жүйенде шымырлатып әкететін сез бен

саз үйлесімділігі! Ол әндерді бірде құмықтырып, бірде ойнатып, бірде қонырлатып шырқайтын Рамазан Стамғазиевтің қоныр дауысы ма, әйтеуір бір тылсым да жұмбақ дүниеге енін кете бересің... Халық Ризабек жазған «Арман-ай» әнінде «Жеңілген махаббатта майдангермін» деген жолымен де көп сыр жеткізгендей. «МузАРТ» тобы айтатын эстрадалық әндердің мәтінімен бұғінде ән сөзін арзандатып алған кейбір ақындарға ескерту жасағандай, казақ тілінің икемін көрсеткендей, әннің мәтінін қарапайым сөзben де мағыналы етін жазуға болады дегендей ишараны берген секілді Несагам!

Сонау «Бассүйектерден» басталған эпикалық дүниелер Несаганың поэзиядағы шыққан биігі, алған асуы. Бәзбіреулер «Бәйтеректі» жазды деп жазғырды, балағына жармасты. Өздері ол поэманды оқымай тұрып, Несагана тас лақтырды. Бұл поэма азаттықты жырлаған, бабалар рухын дәрінеген шығарма болатын. Ақынды да заманы зар иletін, қоғамы пайдаланады. Уақытында кейбір шенеунікке, болмаса басшыға керек болған шығар, мен өз басым «Бәйтеректі» қолжазбасынан оқығам. Жолдан қосылған шумақтар сол адамдардың қостырған «қоспасы» еді. «Мұқағали – Желтоқсан», «Көкала үйрек», «Шақантай», «Ту», «Жер – жаннан қымбат», «Қаныш», «Мағжанның жұмбақ құсы», т.б. қырыққа жуық қазақ тарихынан сыр тартып, ұлт рухын ұлықтар поэмалары Несілбек Айтұлының қазақ руханияты үшін орнын бөлек, ордасын биік етті. Ақынның жүргегі былайша аласұрған:

Сарғая сартап болған сүйегі ыстан.

Мен де бір домбыра едім тиегі ұшқан.

Бұғауда қызыл тілім бұлқынғанда.

Бақсыдай аласұрдым ие қысқан.

Мен-дағы бір белгімін ғасырдағы,

Дүркіреп дәурен көшер басымдағы.

Ұстамын ескі үлгімен өлең соққан,

Көз жазбай көргенімнен жасымдағы.

Өмірім өлеңіммен бірге өрілген,

Әрнегін келтіре алмас кім көрінген.

Ақынның құпиясы өзіне аян,

Ұясын жүргегінің мұң кемірген.

Түріктің ұлы шайыры Жұніс Емреден қаншама өлең аударып, төлтумаға айналдырды. Шығыстың жарық жүлдізы, түркі дүниесінің ғұламасы Әлішер Науайдың «Ескендір қорғанынан» бастап аударуы да ерен ерлік. Әлішердің бес хамсасын түгел аудармаққа бел буған еді, үлгергенінше аударды. «Бес хамса» шықты, көзі тірісінде. Өзбекстанның Науай қаласының «Құрметті азаматы» атануы да еңбегінің өлеңін шығар. Әттең, Абай облысы мен Астана қаласының да «Құрметті азаматы» атануына еңбегі жетіп-ақ түр еді, кешігіп қалған біз бе, жетпей қалған уақыт па?! 2009 жылы «Алтын тамыр» деген журнал аштық, бірлесін. Бірінші санына данғайыр ақын Қалихан Алтынбаевтың «Айқас» атты Хан батыры Қабанбайға арналған поэмасын маган іздетіп, таптырып бастырды. Дарабоз Қабанбай бабасына құрметті бөлек еді. Ақыры, сол Қабанбай бабасы жатқан Ұлттық пантеонға өзі де

барып мәңгілік құндағын тапты.
Жалықпас қуаныштан, қайғыдан да,
Тіршілік міnezінен айныған ба?
Байлығы жолдас болмас бұл жалғанның,
Қаламнан қайыр құткен ойлы жанға.
Жансая іздемедім салқын белден,
Қайтемін рахатты әркім көрген.
Сіміріп сөз тұнығын – шөл қандырғам,
Бабалар жүзін ішкен алтын көлден.
Осылайша, Несінбек ақынның бес құндегі түйгені артындағы Алашына
аманат, ұрпағына мұра болып қалғаны рас.
Қазақ поэзиясының Ілияс Жансұғировтей кең тынысты, алшағыр жүрісті,
Абай атасындағы сыршыл Несінбек ақынның енді басталған шығармашылық
ғұмырында өзі жалғызындағы көрін жырлаған Астанасы алдағы уақытта
еңселі ескерткішін қойып, есіміне даңғыл мен мектеп ұсынып дәріндейтініне
еш күмәнім жоқ! Несінбек Айтұлының шығармашылығын саралаған
ғалымдар, зиялымдар «Бостандық жырының бозжорғасы» атандырды. Лайық
бағасы да сол еді. Ал Несаған арқасына ер батқасын болған қайқаң жорға
емес, ана тілінің уызына жарыған, ақындығы туда бітті тайпал жорға болатын!
«Қозыкөштен» басталған жыр керуені алыптар көшінің соңында тоғанағы
тоқ кетін бара жатқанына сенімдімін!
Жатқан жерін жарық болсын, жанкөкем!

Дәuletкерей Қәпұлы,
ақын, ҚР Еңбек сінірген қайраткери